

**Түркістан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын, коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтерін бекіту туралы**

### **Күшін жойған**

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 38/206-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 қантарда № 2957 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2015 жылғы 15 қазандағы № 46/266-V шешімімен

**Ескеरту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 15.10.2015 № 46/266-V шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қантардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына және «Коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 қарашадағы № 1370 қаулысына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бекітілсін:

1) осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес Түркістан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары;

2) осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес Түркістан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы С.Тәженов*

*Қалалық мәслихат хатшысы F.Рысбеков*

Түркістан

қалалық

мәслихатының

2014

жылғы

19

желтоқсандағы

№ 38/206-V шешіміне 1 қосымша

**Түркістан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары**

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Оргаша жылдық жинақталу нормалары, м <sup>3</sup>
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 түрғын	1 , 1 1,3
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,0
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,702
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,399
5	Мекемелер, ұйымдар, оғистер, кенселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,2
6	Емханалар	1 адам	0,02
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,0
8	Мектептер, орта оқу орындары, жоғарғы оқу орындары	1 окушы	0,12
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 тағам	0,5
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, тұнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залдары	1 орын	0,2
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,03
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	1,0
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,4
14	Азық-тұлік дүкендері	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,958
15	Машиналардан сату	Сауда орны 1 м <sup>2</sup>	0,5
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,52
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,65
18	Азық-тұлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,02
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,002
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,5
22	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	-
23	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,4
24	Автодұрактар, автомобилді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	1,4
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,85
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	2,2
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,4
29	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,46
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау)	1 жұмыс орны	0,5
31	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м <sup>2</sup>	0,7

32	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар үйымдастыратын заңды үйимдар	1000 қатысушы	-
33	Бау-бақша кооперативтері	1 участке	-

Түркістан

қалалық

мәслихатының

2014

жылғы

19

желтоқсан дағы

№ 38/206-V шешіміне 2 қосымша

## Түркістан қаласы бойынша коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, көму және кәдеге жарату тарифтері

№	Атаулары	Есептік бірлік	Бага, тенгемен
1	Коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету тарифтері		
1.1	Жайлы үйлер	1 отбасыдан	200
1.2	Жайсыз үйлер	1 отбасыдан	300
1.3	Заңды тұлғалардан	1 текше метр	1649
2	Коммуналдық қалдықтарды көму және кәдеге жарату тарифтері		
2.1	Жеке тұлғалар	1 текше метр 1 тонна	362 1293
2.2	Заңды тұлғалар	1 текше метр 1 тонна	475 1696

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК